

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ  
БИЗНЕС ЖӘНЕ БАСҚАРУ БАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

29.12.2023ж.

**Қатысқандар:** АҚ төрағасы, аға оқытушы М.Оспанкулова, мүшелері: э.ғ.к. С.Қалтаева, А.Сапарова, Р.Тажибаева, Г.Байбосынова, PhD М.Момбекова, Қ.Мырзабекқызы Қ, Г.Султанхановаға вгв оқытушылар А.Асанова, Ж.Алибекова; жұмыс беруші өкілдері Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы Мемлекеттік мекемесінің бас бухгалтері және аудитору З.Бегімбетов, «Қазақстан Халық Банк» АҚ-ның Түркістан облысы филиалының №1 БКҚО-ның басшысы Е.Дүйсембаев, Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры А.Кенжалиев; білімгерлер өкілдері 6B04143 ББ білімгері Асылбек Қымбат, 6B04144-Қаржы ББ білімгері Орынбек Зарина, 7MO4141-Қаржы ББ магистранты Досанов Бақдаулет, 8D04114- Мемлекеттік және жергілікті басқару ББ докторанты Көлбаева Әйгерім т.б. 7MO4118-Экономика ББ магистранты Сарсенова Айгерім т.б.

Кворум сақталған.

Күн тәртібі:

1. Қолданыстағы бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейіндегі ББ-на ішкі аудит жүргізу
2. Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша «Бизнес және бақару» даярлау бағыты бойынша АҚ төрағасы М.Оспанкулова** сөзінде білім беру бағдарламасын жалпы талдау кезінде студенттер контингентінің көрсеткіштері, үлгерім деңгейі, студенттердің жетістіктері мен оқудан шығарылуы, білім беру ресурстары мен студенттерді қолдау қызметтерінің қолжетімділігі, түлектердің жұмысқа орналасуы, студенттердің бағдарламаны іске асыруға қанағаттануы ескеріледі. Білім беру бағдарламасы бағалаудан және рецензиялаудан өтетінін айтып кетті.

Бизнес және басқару даярлау бағытындағы қолданыстағы ББ модульдік кешенінде қолданыстағы стандарттарға негізделген және Дублин дескрипторларымен, еуропалық және ұлттық біліктілік шеңберлерімен үйлестірілген, жұмыс берушілердің ұсынымдарына сәйкес келтірілген, студенттердің, түлектердің пікірін, еңбек нарығының сұранысын, университеттің миссиясын ескере отырып, болашақ маманның құзыреттілік моделі жасалған, оқыту нәтижелерін анықталған деп баяндады.

**АҚ мүшесі А.Асанова** сөз алып 6B04143-Есеп және аудит Білім беру бағдарламасы сұранысқа ие, себебі жұмысқа орналастыру деңгейі 100 %-ды құрайды. Бұл ББ дамыту жоспарының ұзақ мерзімді шараларына сәйкес келетінін айтып кетті. Басқа ББ бойынша төмен көрсеткіш байқалады. Мысалы, 6B04141-Мемлекеттік және жергілікті басқару ББ-да 29 96%, 6B04144-Қаржы ББ-да 37 %.

**АҚ мүшесі С.Сапарова** сөз алып, сабақтарды жүргізудің дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда интерактивті оқытуда оқытушы мен оқушының өзара әрекеті өзгереді: оқытушының белсенділігі студенттердің белсенділігіне жол береді, ал оқытушының

міндеті олардың бастамасы үшін жағдай жасау болып табылады. Диалогтық оқыту барысында студенттер сыни тұрғыдан ойлауға, мән-жайларды және тиісті ақпаратты талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуге, балама пікірлерді өлшеуге, ойластырылған шешімдер қабылдауға, пікірталастарға қатысуға, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Ол үшін сабақтарда жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жобалары, рөлдік ойындар қолданылады, құжаттармен және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасалады, шығармашылық жұмыстар қолданылады. Мысалы, вице – ректор Э.Идрисова «Салық және салық салу» пәнін, э.ғ.к. С.Қалтаева «Экономикалық теория» пәнін, А.Сыздыкова «Қаржылық технологиялар» пәнін, А.Сапарова «Халықаралық қаржы» пәнін өтуде тапсырмаларды білім алушылардың назарын және іс-әрекетін басқаруға, оларды өз бетінше оқыту мен дамыту олардың инновациялық және шығармашылық әлеуетін кеңейтуге, командада жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге дайындайды деп қортындылады.

**АК мүшесі Р.Тажобаева** өз сөзінде практикалық сабақтардың мазмұны және оларды өткізу әдістемесі білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуды қамтамасыз етуі тиіс. Практикалық сабақтар-бұл әртүрлі қолданбалы мәселелерді шешуге арналған сабақтар, олардың үлгілері дәрістерде берілген. Нәтижесінде әр білім алушының әр мәселені шешуге белгілі бір кәсіби көзқарасы мен түйсігі болуы керек деп айтып кетті

**АК мүшесі С.Қалтаева** сөзінде практикалық сабақтарда компьютерлік технологиялар белсенді қолданылуы керек деп айқындады.. Осындай оқытушылардың бірі - дәріс және практикалық сабақтар жүргізетін К.Мырзабекқызы. (Қолданбалы зерттеу әдістері) , М.Оспанкулова ( Қаржылық есептілікті талдау, Статистика), А.Сыздыкова (Big Date және блокчейн), Д.Келесбаев ( Өндірісті басқару бакалавриатта, , Инновациялық трансформацияны басқару- магистратураа). Олар өзінің сабақтарына пәннің пәні мен әдістері туралы тұтас түсінік беруге тырысады. Оқытушы тапсырмаларды студенттердің іс-әрекеттерін өз бетінше оқыту мен дамытуды ұйымдастыруға, олардың инновациялық және шығармашылық әлеуетін кеңейтуге бағыттайтындай етіп дайындайды. Кейс стади әдісін кеңінен қолданады. Сабақта оқыған және алған дағдыларын студенттер мен магистранттар кәсіби практикадан өту кезінде табысты көрсетеді.

**АК мүшесі жұмыс берушілер өкілі Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры А.Кенжалиев;** сөз алып 6B04140-Менеджмент ББ бойынша , «Қолданбалы бизнес және қоғам» пәнін оқытуда әдебиеттер тізімін өзектендіру және толықтыру, сондай-ақ оқыту процесінде шешімдерді қабылдау және дәлелдеу, сондай-ақ қабылданған шешімдер бойынша салдарлар мен тәуекелдерді бағалау бойынша оқу міндеттері ретінде **практикалық кейстердің** барынша көп санын пайдалану қажет деп пікірін білдірді.

**АК мүшесі жұмыс беруші өкілі Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы Мемлекеттік мекемесінің бас бухгалтері және аудитору З.Бегімбетов** сөз алып, 6B04143-Есеп және аудит ББ білім алушыларына «Салық есебі» пәнін оқытуда практикалық жұмыстар, яни декларациялар толтырып үйрету керек деп ойлаймын, қаржылық есеп, салық және салық салу пәндерінен кейін СОНО (SONO) ақпараттық ақпараттық жүйесінің Салық төлеушінің кабинеті мүмкіндіктерін пайдалану керек

**АК мүшесі «Қазақстан Халық Банк» АҚ-ның Түркістан облысы филиалының №1 БКҚО-ның басшысы Е.Дүйсембаев** «Банк ісі» пәні - қазіргі банктердің қызметін ұйымдастырумен және түрлі банк операцияларын жүргізудің ерекшеліктерімен байланысты қатынастарды зерттейтін қаржы ғылымының маңызды бөлімі. Практикалық сабақтарда тапсырмаларды орындау аясында студенттерге нақты коммерциялық банкті таңдауды ұсыну қажет және білім алушы оның материалдарын әртүрлі ақпаратты қолдана отырып талдап,, практикалық тапсырмаларды орындайды. Мысалы «Банктік меншік капиталын талдау», «Банктің депозиттік қоржынын талдау» , «Банктің инвестициялық операцияларын талдау» деген практикалық тапсырмалар бойынша презентацияларды дайындағанда ҚР Екінші деңгейлі банктердің біреуінің мысалында орындауы қажет.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының банк және банк қызметіне қатысты соңғы жылдағы (2020-2023 жж.) өзгерістермен толықтырулармен шығарылған Заңдарды қолдануға көңіл беру керек, оларды пән сиплабусында ұсыну қажет.

**2. Әртүрлі мәселелер** бойынша 2023 ж. ББ бойынша өзін өзі бағалау есебінің презентациясы жасалынды.

Шешім:

1. Қолданыстағы бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейіндегі ББ-на жүргізілген ішкі аудит нәтижелері есепке алынсын.
2. АК мүшелерінің берген ұсыныстары оқу процесінде ескерілсін.
3. ББ 2023 ж. есептері назарға алынсын.

АК төрағасы  
Хатшы



М.Оспанкулова  
Г.Султанханова